

ӘОЖ 81

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР АТАУЛАРЫНЫҢ
ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

**ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ СВОЙСТВО НАЗВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ
ОДЕЖДЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

**ETHNOLINGUISTIC FEATURE OF THE NAMES OF NATIONAL CLOTHES IN
KAZAKH LANGUAGE**

З.Ж. АУХАДИЕВА
Z.SH. AUKHADIYEVA

(Алматы технологиялық университеті)
(Алматинский технологический университет)
(Almaty Technological University)
E-mail: zauresh.59@mail.ru

Мақала қазақ тіліндегі ұлттық киімдер атауларының этнолингвистикалық сипатына арналған.

Аталған мақалада белгілі бір халықтың тілдік ерекшеліктерін мәдениет және тарихпен байланыстыратын «этнолингвистика» ұғымы қарастырылады.

Жұмыстың практикалық маңызы ұлттық киімдер атауларын этнолингвистикалық тұрғыда қарастыра отырып практикалық сабақтарда қолдану болып табылады.

Статья посвящена этнолингвистическим свойствам названия национальной одежды в казахском языке.

В настоящей статье рассматривается понятие «этнолингвистика», которое описывает языковые особенности определенного народа, связывая его с культурой и историей.

Практическая значимость работы заключается в возможности использования названия национальной одежды с точки зрения этнолингвистики на практических занятиях в сфере легкой промышленности.

The article is devoted to the ethnolinguistic properties of the national clothes names in the Kazakh language.

The concept of ethnolinguistics, which describes the linguistic features of a certain people, linking it with their culture and history are considered in this article.

The practical significance of the work implies the possibility of using the national clothes names from the point of view of ethnolinguistics in practical classes in the field of light industry.

Негізгі сөздер: этнолингвистика, тіл, ұлттық киімдер, ұғым, мәдениет, тарих, жеңіл өнеркәсіп.

Ключевые слова: этнолингвистика, язык, национальная одежда, понятие, культура, история, легкая промышленность.

Keywords: ethnolinguistics, language, national clothes, concept, culture, history, light industry.

Kіpіcne

Академик Ә.Қайдар өзінің «Этнолингвистика» деген мақаласында: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отыр. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтар бәрінде кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін емес», — деп жазды [1]. Этнолингвистика деген ұғым белгілі бір халықтың тілдік ерекшеліктерін оның мәдениетімен және тарихи оқиғаларымен байланыстыра отырып суреттейді. Ал мәдениет пен тарих тікелей өз көрінісін ұлттық киімдерден табады. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілерінің кейбір элементтері сақ дәуірінен бастау алады. Қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырлардағы түріктер аталған үлгіде киінген екен. Киімдердің ұлттық этномәдени сипатын киім атаулары анық көрсетеді, мысалы «бөрік» деген сөзді алсақ, ол сөздің мағынасы кең болған, қазақ халқы бас киімді өте қадірлеген. Бас киімді жерге тастамай, жоғары іліп қойған. Қатты қуанса бөрігін аспанға атқан және басқа да салт-дәстүрге байланысты сенім мен нанымдар бар, яғни бас киімнің ролі жоғары болған. «Ұлттық тіліміздің терең де сан қырлы қатпарларында сыры ашылмаған сөздер аз емес. Небір тарихи дәуірлердің куәгері іспетті халықпен бірге жасап келе жатқан, халқымыздың материалдық мәдениетін бейнелейтін киім-кешек түрлерінің пайда болуы, оған әр қоғамның ықпалы олардың жасалу тарихы мен тұтыну ерекшеліктері киім-кешек атауларына тарихи-лексикологиялық, этимологиялық, этнолингвистикалық т.б. талдау жасау

арқылы анықталады» [2]. Сондай талдауды қажет ететін сөздің бірі – кимешек. «Кимешек – қазақ әйелдерінің дәстүрлі ұлттық бас киімі. Қазақтың ұлттық танымында кимешек ардақты ана, үлкен құрметті әжелердің символы. Кимешек — қазақ әйелдерінің киелі бас киімі. Әдетте кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен молдау пішіліп, адамның басын, иығын, кеудесі мен жаурынын жауып тұрады. Кимешекке қарап әйелдердің шырайын, жас мөлшерін, тұрмыс-жайын, тіпті жүріс-тұрысына дейін анық ажыратып алуға болады екен» [3]. Кимешек атауы «киім-кешек» деген түбірден шыққан және қысқартылып айтылған сөз.

Зерттеу нысандары мен әдістері

Зерттеу нысандары ретінде қазақ халқының ұлттық киімдері, олардың тарихпен және мәдениетпен байланысы қарастырылады, ал оларды этнолингвистикалық тұрғыдан сипаттау арқылы талдау, суреттеу, салыстыру әдістеріне жүгіндік.

“Халықтың болмыс – тіршілігінің, мәдениетінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын тіл арқылы ашылады. Осымен байланысты, адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің бір түрі – киім-кешек атауларын танымдық тұрғыдан талдау оның этнолингвистикалық табиғатын ашуға мүмкіндік береді [2].

Нәтижелері мен оларды талдау

Сәукеле сөзі де когнитивті тұрғыдан қарастырылатын, тарихи маңызы бар лексемалардың бірі, ол ұзатылған қыз киетін – бас киім. Оны арнайы басылған, ақ киізден немесе арасына жүн салып сырыған матадан жасап, сыртын арнайы барқыт, атлас, мәуіті, шұға сияқты қымбат маталармен қаптайды. Шетіне құндыз, кәмшат терісі ұсталады. Сәукеле үш қарыс шамасындай болып, өн бойына алтын, күміс, меруерт-маржаннан әшекей тағылып, сыртын жібек жіппен кестеленеді

және арнайы күмістен жасалған төбелдір маңдайшасы болады. Сыртында жерге жететін, ақ жібек жаулық болады. «Сәукеле» лексемасы «сәу» және «келе» толық мағыналы екі сөзден құралған. «Сәу» компоненті көпшілік түркі тілдерінде кездеседі: көне түркі тілінде сау-здоровый, целый, хороший [4], татар тілінде сау- целый, чувашша тыва — здоровый т.б. Ал екінші компонентін қарастырайық, қырғыз күлә — «тюбетейка, надеваемая под чолму, конусообразная шапка», парсы тілінде куга — шапка календера; чағатай тілінде кулук — головная повязка: әзірбайжан тілінде гүллә -башня мағыналарында берілген.

Е.Жанпейісовтың докторлық диссертациясында «сәукеле» сөзінің этимологиясы жайлы былай дейді: "Компонент сәукеле разным языкам: сау /сәу/ из общетюркского, күлә/күлә~кела~келе/из персидского сау/сәу/ — выражает значение целый всецело, целиком; а компонент «келе» как название головного убора связан с его основным признаком — конусообразностью, относительно удлиненностью» [5]. Ал қасабаға келсек, ол — үшкірлеу төбесіне бір шоқ қауырсын қадап, маңдай тұсын түгелдей асыл тас, алтын, күміс әшекейлермен безеп, оң жақ самай тұсына 5-6 қатардан ілмелі моншақ күміс қоңыраушалар байлап, ұзын салпыншақты етіп жасаған қыз тақиясының бір түрі. Қасаба көбіне төре, сұлтандардың қыздары киетін баскиім саналған. Кейде қалыңдық оны үйлену тойына сәукеленің орнына да киген. Қасаба маңдайды қасқа дейін жауып тұратын бас киім болғандықтан, оны осылай атаған болуы керек. Аталған сөздің тағы бір тарихы бар. Қасаба көнетүркі және қыпшақ бас киімнің негізгі элементтері мол енген қасаба атауы «алтын зерлі» деген мағына береді. Міне, зер салсақ әр киім атауының өзінше этнолингвистикалық сипаты

бар және олардың ерекшеліктері көбінесе атқаратын қызметіне және маңыздылығына байланысты болған, яғни қазақ халқы киімдерге, оларды атаған да ерекше назар аударған. Мәселен шапан сөзін алсақ осы кезге дейін бағасын жоғалтпаған қасиетті киімдердің бірі, сыйлы адамдарға әдемі шапанды бас киіммен сыйлайтынымыз да жақсы салт-дәстүріміздің бірі.

Қорытынды

Киім атаулары, соның ішінде ұлттық киім атауларының да қазақ тіліндегі алтын сөздік қорына қосатын үлесі зор, себебі олар тарихымыздың, мәдениетіміздің, салт-дәстүріміздің негізгі бөлігі ретінде қарастырылады [6]. Осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпай келген сөздерді ары қарай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу барлық қазақ халқының парызы, егер көне тарихи ескерткіштерді қалай сақтасақ, ұлттық киім атауларын да солай сақтауымыз керек. Тіл болмаса сол тілдің иесі де болмайтынын мәңгі есте сақтауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика// Білім және еңбек. -1985.-№ 10.- 7-12 б.
2. Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты, Алматы, 2004. – 29 б.
3. Сидоллаева А. Киелі кимешек. – Алматы, 2014. -196.
4. Аймауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. фил. канд. дисс, Алматы, 2004 ж.-28 б.
5. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. - Алматы, 1989. – 28 с.
6. Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы: Ғылым. 2001. – 213 б.